## Анықтама Ақпан айы

- Сынып оқушыларының құжаттарын жинау, ай сайын сыныптың әлеуметтік қозғалысы туралы есеп алып отыру.
- «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу және кепілдік берілген әлеуметтік топтамаға байланысты ата-аналардан анықтамалар жинақтау.
- Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап-бағуға берілетін мемлекеттік жәрдемақының жұмсалу есебін алу, әлеуметтік тұрмыс-үй жағдайына бақылау жасау.
- Бір мезгіл тегін ыстық тамақ ішетін оқушылардың асханаға уақытылы баруын, тамақ ішуін қадағалап отыру.
- Қалалық білім бөлімінен келген хаттарға жауап беру, есептер беру.
- Мектеп асханасында берілетін ыстық тамақтың бекітілген ас мәзірі( меню) бойынша берілуі және сапасы ,санитарлық талаптардың сақталуын қадағалау.
- Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылғандығы жөнінде табель өткізу.
- **Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицей мемлекеттік коммуналдық мекемесі «Мектеп асханасы» атты сауалма алынды және оның қорытындысы.**

Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан тегін ыстық тамқпен қамтуды ұйымдастырылуы бойынша жылдық жұмыс жоспарына сәйкес ақпан айының 22 сы мен 15 наурыз аралығында тегін ыстық тамақпен қамтылған 1-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынды.

**Мақсаты:** Мектеп асханасының жұмысы туралы оқушылардың пікірлерін білу; Дұрыс тамақтану саласындағы оқушылардың сауаттылық деңгейін білу; Мектеп асханасының кемшіліктерін анықтау

Сауалнамада барлығы 6 сұрақ.

Сауалнамаға барлығы 1988 оқушы қатысты. Оқушылар өз ойларын нақты көрсете алды, шынайы жауап жазып, ұсыныстарын білдірді. Сауалнама нәтижесі төмендегідей көрсеткішті көрсетті:

1. **Мектеп асханасының эстетикалық жабдықталуы көңіліңнен шығады ма?**

- Иә (1650)
- Жоқ (338)

2. **Мектеп асханасында тегін берілетін ыстық тамақтың сапасына қандай баға берер едің?**

- Өте жақсы (482)
- Жақсы (1420)
- Орташа (56)
- Қанағаттанарлық (30)

3. **Мектеп асханасындағы тағам сапасын 1-10 арасындағы шкала бойынша бағалаңыз.**

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

0 0 18 25 43 550 540 492 320

4. **Асхана қызметкерлері сенімен сыпайы сөйлеседі ме?**

- Иә (1480)
- Жоқ (508)

5. **Асханада тегін ыстық тамақ көрсетілген уақытта кесте бойынша (уақытылы) дайын болады ма?**

- Иә (1625)
- Жоқ (363)

6. **Мектеп асханасының жұмысын жақсарту үшін өз ұсынысыңды жаз.**

**Қосымша печенье, вафли, берсе. Тәтті көбірек берілсе.**

**Пирожки, пица қосса. Тамақ түрлерін көбейтсе. Балық котлеті ұнамайды... Ұлттық тағамдарды қосу керек. Ботқа, сүт көже берсе. Жеміс түрлерін көбірек берсе (банан, киви).** Ыстық тамақтың орнына самса, беляши, сосиска в тесте берілсе.

Қорытынды: Сауалнама нәтижесі жақсы шықты, балалар мектеп асханасы туралы жақсы пікірлер айтты, күн сайын тамақтануға барады. Өз ойларын еркін жеткізіп, кейбірі жауаптарын толықтырып та жатты.

Сонымен қатар ешқандай ұсыныс айтпай, ризашылықтарын білдірген, асхана тазалығына шағымы жоқ, тамақтар ұнайтын оқушылар да көп болды. Ыстық тамаққа алғыстарын айтып, бұдан кейін санатқа қарамай тамақ үнемі беріліп тұрса деген тілектерін жеткізді.

❖ "Әкенің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен" тақырыбында
«Әкелер мектебі» мүшелерімен кездесу
03 Ақпан күні Т.Есетов атындағы
№264 мектеп-лицейінде "Әкенің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен" тақырыбында «Әкелер мектебі» мүшелерімен кездесуге 6-сынып әкелері шақырылды.
✅Мақсаты: Әкелер кеңесін құру, отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, ата-аналардың жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастыру.
✅Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Абдигапбаров Сабыр және Киымов Габдул, мектеп-лицей әлеуметтік педагогы Абдуллаева Маруа 5 санат бойынша атқарылған жұмыстар барысын таныстырды. Мектептің әлеуметтік паспорты негізінде сыныптық талдау жасады ондағы ата-аналары, отбасылары туралы мәліметтер айтылды;
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid029wB4DzUAXHj5Uvyh4AfKTaHqbU9J9HEfP14wvtvzFPCbzmCySvwPF6GKwvgn9ySTl&id=100015529058691&mibextid=Nif5oz

❖ "Әке ұлағаты - ұлттық тәрбиенің бастауы" атты кездесу кеші болып өтті
Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінде
14 ақпан күні Біртұтас тәрбие жұмысының жоспарына сай, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Юсупова мен 10-сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен 8-11 сынып әкелеріне арналған "Әке ұлағаты - ұлттық тәрбиенің бастауы" атты кездесу кеші болып өтті.
Кештің мақсаты: отбасылық құндылықтарды насихаттау, әкенің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу.
✅Кештің бағдарламасы:
1) Мектеп-лицей директоры Тумурзаев Бек Сұлтанбекұлының кіріспе сөзі.
2) Қосымша білім беру орталығының концерттік бағдарламасы.
3) Директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары Ғ. Қиымов мектептің ішкі тәртіп ережелерімен, тыныс-тіршілігімен, тәрбие жұмыстарымен таныстыруы.
4) Мектеп психологі Р.Абдукаримова "Жасөспірімдер арасындағы кибербулингтың алдын алу" - әкелерге кеңес.
5) Әлеуметтік педагог М.Абдуллаева 5 санат бойынша атқарылған жұмыстар барысымен таныстыру.
6) "Әкелер мектебі" жобасының мақсат-міндеттері жайлы таныстыру (С.Ахметов).
7) Мектепті аралау кезеңі.

https://www.facebook.com/share/p/bU3sZ32PVX2ScagE/?mibextid=oFDknk

https://www.facebook.com/share/p/iz7HBbnqetvb2MaX/?mibextid=2JQ9oc

- РАДИКАЛИЗМ, ЭКСТРЕМИЗМ, ТЕРРОРИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ

Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінде оқушыларға радикализм, экстремизм, терроризмнің алдын алу бағытында бейнероликтер көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

✅Түсіндірме жұмысы барысында оқушыларға дін және мемлекет, зайырлылық ұғымы, рухани құндылықтар мен мәдениет, жат ағымдардан сақтану жолдары туралы маңызды ақпараттар берілді.

✅Қазіргі таңдағы теріс ағымдар мен діни экстремизм, лаңкестіктің алдын алу мақсатында түрлі әлеуметтік желілердегі, сайттар мен ғаламторда кездесетін келеңсіз жағдайлардың оқушыларға тигізетін әсерін ескеріп, барынша сақ болу қажеттігі жан-жақты түсіндірілді.

https://www.facebook.com/share/p/17vyfCSZSSQCGwUV/?mibextid=oFDknk







🏫 Мектеп-лицейімізде "Психология-әлеуметтік" апталығы барысында **«Отбасы-тәрбиенің басты ұясы»** атты

***потранат, қамқоршылықтағы*** оқушылардың ата-аналарымен тренинг түрінде іс-шара өткізілді.

Мақсаты:

1.Ата-аналардың жанұядағы бала тәрбиесіне жауапкершілігін арттыру;

2.Ынтымақтастықта, өзара сыйластықта бірлесе әрекет етуге,пікір алмасып,ой білдіруге шыңдау.

✏Іс-шара "Асыл анашым" атты көңілді әнмен басталды.

Әлеуметтік педагог 5 санат бойынша атқарылған жұмыстар барысын таныстырды

✏Педагог психолог арнайы тренинг жүргізіп, ата-аналармен ішкі байланыс жасады.

Балаларына арнайы ашық хат жазып, тілектерін білдірді.

✏Wordwall бағдарламасы арқылы "Балаңыз туралы білесіз бе? " айдарымен сұрақтар қойылып, ата-аналар шынайы пікірлерін айтып, тәжірибе алмасты.

Іс-шара соңы мектеп-лицей директорының арнайы Алғыс хатымен марапатталып, сыйлық тарту етілді.

https://www.facebook.com/share/p/5Pa3wfssEjF2ukzA/?mibextid=oFDknk





